

Хаттама №4

Бүгін, яғни 9 қыркүйек 2023 жылы Баршақұм орта мектебінде қамқоршылық кеңестің жиналысы болып өтті.

Күн тәртібі:

1. «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру;
2. Көп балалы, жартылай жетім, сәтсіз отбасы балаларының оқулықпен қамтылу..

Тыңдалды:

1. ДТЖО: Т. Мейрман «Мектепке жол» акциясының ұйымдастырылып, мұғалімдер қауымы түгел атсалысқаны туралы айтып, оқушыларға спорттық красовка, сумка алып бергендігі туралы есеп берді.

р/с	Аты -жөні	мектебі	Сыныбы	Жынысы жасы	Әлеуметтік жағдайы	қажеттілігі	размер
1	Алпысбай Индира	Баршақұм орта мектебі	5 сынып	Қыз	Толық емес отбасы	Спорттық красовка	Раз. 36
2	Алпысбай Мархабат	Баршақұм орта мектебі	6 сынып	Қыз	Толық емес отбасы	Спорттық красовка	Раз. 37
3	Тлегенов Ердәулет	Баршақұм орта мектебі	3 сынып	Ұл	Жартылай жетім	Спорттық киім	Раз 34
4	Мұхамбетова Аяулым	Баршақұм орта мектебі	7 сынып	қыз	Жартылай жетім	Спорттық красовка	Раз 42
5	Тлегенов Айсұлтан	Баршақұм орта мектебі	7 сынып	ұл	Жартылай жетім	Спорттық киім	Раз: 38

2. Сонымен кәсіпкерлер тарапынан демеушілік жоқ екендігі туралы айтылды. «Мектепке жол» акциясы республика көлемінде жылма – жыл ұйымдастырылатын шара екендігі туралы айтылып өтті. 2023- 2024 оқу жылында көп балалы, жартылай жетім, сәтсіз отбасы балалары түгел оқулықпен қамтылды. Сұрақ болған жоқ.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөйлеушілер:


1. **Т. Жалмұханов (зейнеткер)** – Күн тәртібіндегі мәселелермен танысып отырмыз. Мұғалімдердің демеушілігімен «Мектепке жол» акциясын жылда ұйымдастырады. Ұстаздар қауымына рақмет. Осы акцияға кәсіпкерлер де атсалысу керек. Мектепте аз қамтылған оқушылар жоқ. Бірақ көп балалы, жартылай жетім, сәтсіз отбасының балалары оқиды. Сол себепті демеушілік жасаған дұрыс деп ойлаймын. Мемлекет тарапынан тегін оқулықпен қамтылып тұрғаны өте жақсы.

2. **Қырдабаев М (ата-ана)** – Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдап, талқылап отырмыз. Оқушы мектеп ережесіне бағыну қажет «Мектепке жол» республикалық акциясы мектеп мұғалімдерінің демеушілігімен жылда ұйымдастырады. Мектептегі көп балалы, жартылай жетім, сәтсіз отбасы балалары толық кітаппен қамтылған. Мектепте біраз жұмыстар жасалды.

3. **Амантурлиня Ж. (кітапханашы)** – «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру жақсы жолға қойылған. Ақпан айында да «Қайырымдылық» акциясын ұйымдастырады. Ауыл кәсіпкерлері тарапынан да, демеушілік жасалса деймін. Мектеп оқушылары толық оқулықпен қамтылған.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе қамқоршылық кеңес қаулы етеді:

1. Күн тәртібіндегі мәселені тыңдай отырып, ауыл кәсіпкерлерінің мектепке демеушілік жасауы жолға қойылып, «Мектепке жол» акциясы келесі жылы кең көлемде ұйымдастырылсын.
2. Көп балалы, жартылай жетім, сәтсіз отбасы балалары оқулықпен толық қамтылсын.

Жиналыс төрағасы:  Сыдықов Қ

Хатшы:  Мейрман Т